

12004  
3309K



# Қазақ балуандары

1

Қазақ күресі





Спорт саңлақтары

# ҚАЗАҚ БАЛУАНДАРЫ

---

ТАРИХИ - ДЕРЕКТІ БАСЫЛЫМ

I том



«Ер-Дәулет»  
Астана – 2006

ББК 75. 715 (Қаз)

Қ 17

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ  
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАФАТ КОМИТЕТІНІҢ  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Балуандар тарихын жүйелеп, баспаға әзірлеген  
**Қыдырбек Рысбеқұлы**

Қ 17 Қазақ балуандары: Тарихи – деректі басылым. 1-том.  
– Астана: Ер-Дәулет, 2006. – 408 бет + 16 бет жапсырма.

ISBN 9965-436-30-4

«Қазақ балуандары» тарихи-деректі басылымы алғаш рет 1996 жылы «Ер-Дәулет» баспасынан жарық көрсе, ендігі жерде күрестің әр түрін жеке қамтып, бірнеше томдық еңбек болып, қалың оқырманның назарына ұсынылмақшы. «Қазақ балуандарының» қолдарыңызға тиіп отырған I-томына күш атасы Қажымұқан Мұңайтпасұлынан бастап халқымызға жақсы танымал алыптар туралы деректі дүниелер еніп отыр.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.



К 4204000000  
00 (05) -06

ББК 75. 715 (Қаз)

ISBN 9965-436-30-4

«Ер-Дәулет»  
2006 – 6Н6Т6А

© «Ер-Дәулет», 1996.  
© «Ер-Дәулет», 2006.



Қыдырбек РЫСБЕКҰЛЫ

*«Қазақ балуандары» және «Қазақ боксшылары» энциклопедиялық басылымдарының құрастырушысы, Б. Бұлқышев және С. Бердіқұлов атындағы сыйлықтардың лауреаты*

## АЛЫПТАР КӨШІ

Қазақ деген қабырғалы, іргелі елдің тарихында балуандардың алатын орны ерекше. Бесіктегі сәбиін «Балпаң-балпаң басатын, Балуан болар ма екенсің», деп тербеткен халықтан бармағынан күш саулаған білекті ұлдардың көп шығуы заңды құбылыс. Қазақ спортының көшбасы, біртуар саңлағы — Қажымұқан атамыздың боксшы емес, шаңғышы емес... балуан болуының өзі Алла тағаланың бұйрығы. Бұл жалғанда ешнәрсе кездейсоқ болмайды. Ендеше алты жыл бұрын ғана артта қалған ХХ ғасыр спортындағы қазақ балуандарының орны өз алдына бір төбе десек, артық айтқандық емес. Дүние жүзі көз тіккен байрақты бәсекелерде ұлт намысын, ел мәртебесін көтерген нар тұлғалы азаматтарымызды көкейде бір жаңғыртып көрейікші.

Грек-рим және еркін күрестен әлемнің бірнеше дүркін чемпионы Қажымұқан Мұңайтпасұлы!

Олимпиада ойындары мен әлем біріншіліктерінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері — Жақсылық Үшкемпіров, Шәміл Серіков, Дәулет Тұрлықанов, Бақтияр Байсейітов, Қанат Байшолақов, Асқар Шайхиев, Мәулен Мамыров, Бақыт Однай, Жолдыбек Қоңыров, Бауыржан Садыханов, Асхат Шахаров, Қоныс Жетпісов...

Еуропа мен Азияның шыңына ту тіккен Айтжан Шаңғараев, Алмас Мұсабеков, Сәлкен Жартыбаев, Талғат және Жанат Байшолақов, Зекен Шаймерденов, Айбатыр Махмұтов, Самат Рамазанов, Руслан Сейілханов, Ғалымжан Жылкелдиев, Руслан Жұмабеков, Әсет Иманбаев, Марғұлан Әсембеков, Мұрат Қыпшақбаев, Базарбек Донбай...

Пешенесіне Олимпиада, әлем чемпионы болу жазылмаса да мұқым дүниеге әйгілі балуан Әбілсейіт Айхановты кім білмейді?! Олимпиада, әлем чемпиондарын боз кілемде сан мәрте бүктеген Аманжол Бұғыбаев пен Аманкелді Ғабсаттаровтың балуандығы қандай еді, шіркін!

Тізе берсек, қалың қолдай самсаған балуандарымыз бар. Аты-жөні қалам ұшына оралмаған саңлақтарымыз айыпқа бұйырмас. Алла жазса, Қажымұқаннан бастап есімдері ел аузында сақталған саңлақтарды мүмкіндігінше түгендеп, әрі қарай грек-рим, еркін күрес, дзюдо, самбо, қазақ күресіне жеке-жеке бір кітаптан арнап, бас-аяғы алты томдық балуандық тарихты оқырман қауымының назарына ұсынсақ дейміз. Алла тағала елімізді аман, жұртымызды тыныш, бейбітшілігімізді баянды қылсын деп тілейік. Қазақтың күрес тарихы алты томмен шектелмесі анық. Әлі талай батыр-бағылан боз кілемде олжа салады.

Осы жерде әңгіме арнасын кітапқа енген балуандарға бұрайық.

Күш атасы Қажымұқан жалғыз қазаққа ғана белгілі десек, қателесеміз. Өз заманында Қажымұқанды Еуропа, Азия елдерінің күрес жанкүйерлері жақсы білген. Қажымұқан атамыздың орасан күш иесі болғанын, әділдігін, мәрттігін, жомарттығын сүйсіне әңгімелеген өзге ұлт өкілдері аз болмаған. Сондай бір дерекке назар салайық. 2003 жылы «Ер-Дәулет» баспасынан жарық көрген «Воля батыра» (авторы – Ян Дымов) кітабының жетінші бетінде кезінде Қажымұқан, Иван Поддубный секілді алыптар мен бірге күрескен киевтік Михаил Слуцкийдің естелігі берілген. Естелікті қаз-қалпында ұсынғанды жөн санадық.

«Впервые я увидел Мукана Мунайтпасова в 1908 году в Киеве на борцовском чемпионате в цирке Труции. Кисти у него были широченные! Это свидетельствовало о громадной природной силе. Но он его никогда не кичился. Сильный борец Франц Биньковский (лақап аты – «Циклоп»-Қ.Р.) проходя мимо, обязательно толкнет плечом или локтем – к стенке отлетаешь! А Мукан был спокойным, скромным, доброжелательным, хорошо воспитанным человеком. В этом красивом казахе была врожденная глубинная культура и гордость человека, который никогда не опустится до низменного поступка».

Жат еде, жат жерде кісілігіне, көркем мінезіне қылау түсірмеген қайран, Қажекем! Енді күрес туралы деректі оқып көрейік.

«...Заинтригованная публика ждала развязки. Большинство «оракулов» предсказывали победу «Циклопа». «На этот раз Муханура не выдержит 50-килограммового преимущества «Циклопа» в весе... Еще как выдержал! Провел какой-то своеобразный бросок через спину и шлепнул Биньковского так, что тот даже мостить не пытался. Чистая победа была зафиксирована, кажется, на одиннадцатой минуте. Я думаю, что у этого талантливого казаха было поразительное чутье на время атаки. Божий дар к борьбе в Мукане был. И смелость невероятное было. Подвернуться под такой громадиной, как «Циклоп», мог только очень смелый, удалой человек. Я такого бедрового броска никогда не видел и даже не знаю, как он называется ...»

Осы тұста Қажымұқанның Слуцкийді сүйсіндірген бұл әдісі – қазақтың жамбас әдісі екенін айта кету керек.

XX ғасырда күрес туралы жазған журналистердің ішінде украиналық Ян Дымовтың орны бөлек. Білікті де білгір әріптесімізге Қажымұқан туралы тың деректі баспа бетіне шығарғаны үшін алғыс айтамыз.

Алты алаштың сүйіспеншілігіне бөленген ерен күш иесі, дауылпаз әнші, сазгер Балуан Шолақтың (Нұрмағанбет



Баймырзаұлы. Қ.Р.)51 пұт (816кг.) кір тасын көтергені — гасырдан-гасырға ауысатын, қазақ ұлты аман тұрғанда жадымыздан өшпейтін, аңызға бергісіз ерлік емес пе?!

Қажымұқан мен Балуан Шолақ отарлық езгіге түскен қазақ жұртының рухын көтеріп, намысын жаныған, ұлтына тіреу, еліне жебеу болған біртуар тұлғалар. Балуан Шолақ өмір бойы Ресей отаршыларына қарсы кегі тарқамай, кеудесін бастырмай өткен, есіл ер! Балуан күрестен түскен олжасын қандастарына қылдай ғып бөліп беретін жомарт адам болған. Қажымұқан мен Балуан Шолақтың ел жадында берік сақталып, ұлттың жанына жақын, көңіліне ыстық болатыны — туған халқын шексіз сүйіп, Отаны үшін алтын басын құрбан қырудан тартынбаған ақ адал жаратылысынан дер едік.

Бір ғажабы, біздің ертедегі балуандардың қай-қайсысы болса да, кісілігі мол, еліне сыйлы, барға аспаған, жоққа саспаған, қанағаты мол, бауырластары үшін отқа да, суға да түсуден тайынбайтын ержүрек азаматтар болған.

Боранқұл, Молдабай, Байғабыл, Битабар, Еңсеп, Дәулен балуандар туралы ел ішінде тек жақсы әңгімелер айтылады. Елдің елдігі, береке-бірлігі, күш-қуаты, абырой-намысы осындай ерлерді құрмет тұтып, қадірлеуден де білінсе керек.

Бұл жинаққа Қытайдағы бауырымыз, Шыңжан және Іле аймақтық жазушылар қоғамының мүшесі Баяхмет Жұмабайұлының «Арыстың алыптары» атты төте жазумен жарық көрген кітабынан бірнеше деректі, әңгімені енгізіп отырмыз. Сиыршыбай, Дәлелқан, Бұланбай, Ақметжан, Байқозы, Қайысбай, Әліп балуандар туралы деректі әңгімелер өте тартымды, тілі шұрайлы. Оқып отырып, кеуденді қуаныш кернейді.

Байқозы балуанның жойқын күшін бейнелейтін мына үзіндіні оқып көрейік.

«Мойнына құрық түспей тағыланып кеткен сарлықтың бұқасы Байқозыны көргенде байыз таппай, желігіп, оны жерге кіргізіп жіберердей ұмтылады. Екі мүйізі қолына ілінген

Бәкең бұқаның тұмсығын бірнеше рет қара жерге нұқып-нұқып жібергенде бұқаның кеңсірігі талқандалып шыға келеді. Өз өмірінде аю, қасқырдан да мұндай жыртқыштықты көрмеген бұқа жүрегі шайлықты ма, есеңгіреп барып есін жиып, шегіне кетпек болады. Бірақ, мүйізіне зілдей болып жабысқан бұл пәледен құтыла алмайды. Әлден уақыттан соң, бұқаның басы екі бөлініп, мойны опырылып түседі» (*Осы кітапта, 398 б.*).

Сиыршыбайдың қаруы да Байқозыдан кем соқпайды.

«Бурылтоғайдың «Көк қамысындағы» сазға түскен түйені табанына қамыс тастатып, екі ырғап барып құйдан шығарып алғанын, көзіне ноғала түскен жылқы құдыққа түсіп кетіп, кептеліп қалғанда алды-артынан арқан салып ырғағанда құдықтағы су сабадағы іркітше сапырылып, одан қорадағы мал үркіп, «әуп» деп бір күшенгенде жылқыны андайтын жерге тастай салып, талайды тамсантқанын, Ертіс бойы бұрамдағы қайық қайраңдап қалып, әуре-сарсаң болып жатқанда арқанды беліне салып тұрып бір сілкіп барып қайықты қайраңнан жұлып алғанда, қайраңға тізесінен шөгіп кеткенін» (*Осы кітапта, 386 б.*) сүйсінбей әңгімелеу мүмкін емес.

Қайысбай балуан көтерген тасты он жігіт жабылып, орнынан қозғай алмаған.

Әліп балуанның 17 жасында «астындағы аты артқы аяғын құдыққа тығып алып, белін тайдырып, қираңдап қалғанда, атты арқалап Молқы Салық бидің ауылына әкелгенін» арғы беттегі ағайындар әлі күнге дейін аңыз ғып айтады екен.

Белдескеннің белін бүккен Ақметжан жайында аңызға бергісіз әңгіме көп.

«Ақметжан бұқаның екі мүйізінен ұстап алып, бір бұрап алып ұрады да, кеңірдектің тұсынан жұдырықпен қойып қалып, сеспей қатырады. Осы бір дүлей мақұлықпен алысқан Ақанды көрген басқалар: «Мынаған қандай адам шақ келер екен, деп таңырқасып, таңдай қағысады» (*Осы кітапта, 395 б.*).

Дәлелқан балуан аюмен жекпе-жекке шығып, алып ұрады.

Бұланбай құдыққа түсіп кеткен түйені қос өркешінен тартып шығарыпты.

Алла тағала біздің аталарымызға қара күшті аямай-ақ сыйлаған екен. Біз балуандығы хатқа түскен батыр-бағыландар туралы ғана баяндап отырмыз. Әр заманда жойқын күшімен қатарынан озған, бірақ есімдері қағазға түспеген талай мықтының өткені рас.

Басымыз бұғауға түскен кейінгі екі ғасырда балуандық мұра жинау былай тұрсын, балапан басына, тұрымтай тұсына дейтін алмағайып кезеңдерге тап болдық. XX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ халқы бірнеше рет қанды қырғынға ұшырады. 1897 жылғы Ресей патшалығының санағында 4 миллионды құраған қазақ жұрты 1939 жылғы Кеңес санағында 3 миллионға жетпей қалды. Екінші жиһан соғысында ат жалын тартып мінуге жарайтын еркек кіндіктің жартысынан астамы оққа ұшты. Бүтін бір ұлттың тамырына балта шабудың бұдан өткен сорақы мысалы болуы мүмкін емес.

Кеңес империясының басшылары осымен қазақтың белі бүгілді, рухы жаншылды десе керек. Жоқ! XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап қазақ балуандары мен боксшылары Кеңес одағының айтулы сындарында дүркін-дүркін топ жарып, жүлде ала бастады. Шоқыр Бөлтекұлы, Бақи Елқондиев, Жүрес Ысқақов, Болат Тұрлықанов, Қабден Байдосов, Махмұт, Мақсұт Омаровтардың ізін ала төбесін көк тіреген қос алып - Әбілсейіт Айханов пен Әбдісалан Нұрмаханов шықты белсеніп. Қазақтың білте шамдай өлеусіреген рухы найзағайдай жарқ ете қалды.

Содан бері қанша су ақты, қанша заман өзгерді. Аллаға шүкір, өз топырағымызда тоғыз миллион адамнан астық. Ендігі жерде иманымызды күшейтіп, ұлттық мүддені берік ұстасақ, ауызбірлігіміз кәміл болса, алтын құрсақ аналарымыз әлі талай Қажымұқанды, талай Дәлелқанды дүниеге әкелеріне сенеміз.



**Әлімқұл  
БҮРКІТБАЕВ**

# ҚАЖЫМҰҚАН

**Қажымұқан МҰҢАЙТПАСҰЛЫ,**  
грек-рим күресі мен еркін күрестен  
дүниежүзінің бірнеше дүркін  
чемпионы

## КЕЗДЕСУ

1904 жылдың көкек айы. Жерде әлі қар бар. Осы бір жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағында Қызылжар базарында мұсылмандардың рамазан мейрамы өтетін. Бұл той-думанды ұйымдастырушылар негізінен қала татарлары еді. Той үстінде балуандар күресі болып, жиналған қауым бір жасап қалатын. Сондықтан да, мұсылман жұртшылығы той жақындаған кезде балуан іздеп сабылып жатушы еді.

Татар жігіт Абдолла Мұқанның қос ат тарта алмаған шананы сүйрегенін көрді де, тістей қатып айырылмады. Міне, олар

Қызылжардың базарында жүр. Базарға халық жан-жақтан ағылып келіп жатыр. Көктемгі базарда жөнді сауда дейтін сауда да жоқ. Әр жер, әр жерде шамалы картоп пен пияз үйіліп жатыр. Базар ауласынан алты қанат үйдің орнындай жер қазылып, үстіне ағаш ұнтағы себіліп, киіз төселіпті.

Атқа мінген жаршы базарды аралап жүріп, балуандар белдесуінің өтетінін хабарлады. Соның артынша гармон ойналып, татар әндері шырқалды. Жуан мойны күжірейген жирен мұртты орыс жігіті шешініп, балуандар белдесер алаңға шығып келеді. Ол әрлі-берлі жүгіріп, денесін қыздырды. Бір пұт, екі пұт гірлерді лақтырып-қағып, бұлшық еттерін біраз ойнатып алды. Бұдан кейін аренадан шығып, үлкен бір қара тасқа барып отырды. Сол-ақ екен, үстіне желбегей ақ бешпет киген татар жігіті аренаға шыға келді де:

– Жарандар, орталарыңда атақты орыс балуаны Злобинмен белдесетін кісі бар ма? Мұсылман жұртшылығы жеңген балуанға мың сом бәйге тігеді. Ал, Злобин мырза өзімен бес минут шыдаған балуанға «бес жүз сом беремін» деп уәде етіп отыр, – деді дауыстап. Базар іші құлаққа ұрған танадай жым-жырт бола қалды.

– Сонымен, белдесіп күресетін балуан бар ма? – деді тағы да қайталап.

Мұқанның қасындағы серігі Абдолла қара тас үстінде отырған қара нардай Злобинді көріп, қорқып кетті. Әлі күш-қайраты толысып, кемеліне келе қоймаған жас жігітті мына бура санды балуанмен белдестіріп, меселін қайтарып аламын ба деп қауіптенеді.

Ол тіпті Мұқанды күрестірмей-ақ кері алып қайтқысы келді. Ал, Злобинді көрген Мұқанның жүрегі атша тулап, кеудесіне сыймай бара жатты. Оған өмір бойы аңсаған күрес майданына шығатын мезгіл жеткендей көрінді.

Осы кезде жар салып жүрген кісі:

– Ал, кімнің күреске шыққысы келеді, жарандар? – деп тағы да айқайлайды.

– Мен күресемін. – Мұқан бұл сөзінің аузынан қалай шығып кеткенін байқамай да қалды. Иін тіресіп тұрған жұрт дауыс шыққан жаққа аңтарыла қарасты. Бұл жағдайды күтпеген хабарлаушының өзі ә дегенде абыржып қалды. Ол бойын тіктеп өз-өзіне келді де, күресем деген жігіттің аренаға шығуын сұрады. Үстіне қазақша шапан киген, дене бітімі келісті жігітке анталаған жұрт екі жарылып жол берді. Жігіт қақпақтай жауырынды, денелі екен. Жаршы сыбырлап сөйлеп, одан аты-жөнін сұрап алды да:

– Сібір жұлдызы Злобин мен қазақ балуаны Мұқан Мұңайтпасұлы күреске түседі, – деді елге жариялап.

Мұқанды көрген Злобиннің де қуанышы қойнына сыймады. Ол жақында ғана досы Иван Владимирович Лебедевтен хат алған-ды. Хатында ол:

«Злобин мырза, қыр қазағынан көзіңізге балуан көріне қалса, маған жібергейсіз, өйткені, кілең орыс балуаны күресетін циркке жанкүйерлердің келуі де сирекси бастады», деп жазған еді. Ал, енді мына жігіт жас көрінеді, оның үстіне әлсіз де болмас. Сонда бұл досының тілегін орындап, өз циркінде балуандар біріншілігін өткізіп тұруға қолы жетері хақ.

Мұқан аренаға шығып, дереу шапанын шешті, жұрт оның сом болаттай шымыр тұлғасын көріп сүйсінді. Балуанның денесін көрген Злобин де іштей қуанды.

Төреші татар жігіті қолындағы ысқырығын шалып қалды да, күресті бастады. Злобин Мұқанды байқағысы келді. Ол аяғын беріп, менсінбеген сыңай танытты. Қазақша күреспен көзін ашқан Мұқан оңтайлы сәтті қапы жібермей, Злобинді іштен шалып жіберді де, етпетінен түсірді. Бірақ, ол орнынан тез тұрып кетті. Жұрт ду ете қалды. Кейбіреулер: – Мұқан жықты, – деп аренаға шығып та кетті. Бірақ оларды кейін қайтарған төреші:

– Балуандар бір-бірінің жауырынын жерге тигізулері шарт, – деді.

Көпті көріп, көйлекті ерте тоздырған Злобин алып денелі қазақ жігітін жығудың оңай еместігін енді түсінді. Ол сылбыр

қимылды қойып, шабуылға көшті. Әйтсе де, оның шабуылы тегеурінді тойтарысқа ұшырай берді. Ақыры он бес минуттық күрес нәтижесіз бітіп, Злобин бес жүз сом ақша ұтқызды. Бұдан кейін де күрес жалғаса берді.

Кездесу аяқталғанда, Злобин Мұқанды құшақтап, бетінен сүйді. Мұсылмандар бәйгеге тіккен мың сомды Мұқан мен Злобинге тең бөліп берді.

Сол жерде Злобин балуандар «Ваня ағай» деп атайтын Иван Лебедевке хат жазды: «Ваня ағай, мен сізге қыр қазағының арасынан шыққан жас балуан жігітті жібергелі отырмын. Мұның табиғат берген күші орасан. Қабыл алатыныңызға кәміл сенемін.

Сәлем жолдаушы өзіңіздің Злобин».

\* \* \*

Мұқан Қызылжарда тұратын досы Абдоллаға келіп, осында өтіп жатқан цирк балуандарының жарысына қатысып, біраз қаражат жиып алды. Сөйтіп, Мұқан мен Абдолла Петербургқа жолға даярлана бастады.

## **ПЕТЕРБОРҒА САПАР**

Сол 1904 жылы жазға салым Мұқан Абдоллаға ілесіп, Петербургқа келеді. Бұлар мінген күйме теңізді жағалай жүрді. Қала көшелерінде сапырылысқан халық жоқ. Күйме төрт қабатты үйдің алдына келіп тоқтады. Мұқан өмірінде алғаш рет көп қабатты үйдің баспалдағымен жоғары көтерілді. Абдолла келген пәтерінің есігін қақты. Іштен шүйкедей кемпір есік ашып, Абдолла мен Мұқанды ішке кіргізді. Үй іші өте жұпыны, үш-төрт орындықтан өзге көзге ештеңе көрінбейді. Кемпір тақтай еденге екеуіне төсек салып берді.

Ертеңінде бұлар көшеге шыққан. Мұндай әрі үлкен, әрі әсем қаланы Мұқанның алғаш көруі. Қаланың адамдары, үйлері мен қора-жайлары оған оғаштау көрінді. Тіпті, шаһар тұрғындарының әдет-ғұрыптары да өзгеше сияқты. Ауылда Петербург жөнінде көп әңгіме естіген Сонда: олар «ақ патшаның ордасы тігілген қала» деп жиі айтушы еді. Сол әңгіме есіне түсіп: «Шынында да, ақ патшаның ордасы тігілсе тігілген болар, өйткені, шаһарлықтар сәндене киінеді екен, ал шаһар көркі ертеkteгідей», – деп іштей күбірледі. О баста жолда келе жатып, неге екенін қайдам, қаланы өз ауылына ойша ұқсата берген. Сонда мұндай көп ел мекендейтін қалада бұл қалай күнелтпекші.

«Қой, балуан, мына ығы-жығы халықтың арасында жабайы қыр қазағы сіңіп кете алмас» – деп ойлады ол. Бұл ойын қасындағы серігінен бүкпеді.

– Абдолла, – деді, – мен сенімен бірге елге қайтқым бар. – Мұқанның мына шешімінен шошынған Абдолла:

– Саған не болды? Мұқан, сен балуандықты үйренуге келген жоқ па едің? – деді.

– Оның рас. Бірақ, бейтаныс жат ортада бір түрлі жүре алмайтын сияқтымын.

Абдолла Мұқанның кешелі бері иіні түсіп, көңілсіз жүргенін байқаған еді. Енді мұның намысына тие сөйледі.

– Сені батыр деп ертіп шықсам, қояндай қорқақ екенсің ғой, – деді. Мұндай жауап күтпеген Мұқан бір орында сілейіп тұрып қалды.

Бұдан кейін екеуі де үнсіз келе жатты. Ойы – онға, санасы санға бөлінген Мұқан қасындағы серігіне не айтарын білмей абыржыды. Не болса да тәуекелге бел буып, балуандық өнерді үйренгісі келді. Оның ойын Абдолла бөліп жіберді.

– Мұқан, сені бүкіл ел күрес үйренуге жіберіп отыр. Сен болсаң көлеңкеңнен қорқып, елге қайтпақсың. Онда саған не бар. Масликовқа қайта малай болғың келе ме? Есіктегі басыңды төрге сүйресе, сен тырбаңдап кейін қашасың, – деп Абдолла батыра-батыра сөйледі. Шымбайына сөз батып кеткен Мұқан:



– Жарайды, енді, көндім. Әлгі апарам деген жеріңе тезірек апаршы – деді әлденеге бекінгендей сыңай танытып. Бұл әңгімеден кейін жүрістерін жылдамдата түсті. Бұлар іздеп келе жатқан Ваня ағайдың мектебі Эртелеев көшесінің бойына орналасқан еді. Қиналмай тапты.

Мектептің ауласына кіру мұң екен, темірдің шаң-шұң жаңғырығы, адамдардың «ауп,ап» деп бірдеңені көтеріскен дауыстары құлаққа келді. Мектептің қабырғасына неше түрлі балуандардың суреттері ілініп тасталған екен. Бұларды көріп Мұқанның есі кетті. Абдолла ол суреттерге зер салмай, атлеттер жаттығу жасап жатқан бөлмеге өтті.

Keң жауырынды, жирен мұртты кісі Абдоллаға қарсы жолықты. Абдолла онымен сәлемдесті де:

– Ваня ағайға қалай жолығуға болар екен? – деді.

– Іздеген Ваня ағайыңыз мен боламын, – деді әлгі кісі бұған тіксіне қарап. Сасып қалған Абдолла:

– Мұқан, бері кел! – деді.

Жауырынды, құйған шойындай нағыз қара жігітті көрген Ваня ағай:

– Мынау Саракикиден де денелі екен, – деп еріксіз дауыстап жіберді. Абдолла бұл сөзге түсінбеді.

– Не сұрадыңыз, түсінбедім? – деді ол.

– Сен ертіп келген жігітті жапонның мықты балуанымен салыстырып тұрмын – деді Ваня ағай.

– Ваня ағай, сізге балуан Злобиннен хат әкелдік, – деді Абдолла хатты ұстатып жатып.

Ол хатқа көз жүгіртіп шықты да:

– Андрей Николаевичтің дені сау ма? – деп сұрады.

– Иә, біздің Мұқан ол кісімен рамазан мейрамында күрескен еді, – деді Абдолла.

– Ақ жігіттер, менің бөлмеме баралық. – Екеуі Ваня ағайдың соңынан ерді.

Зал ішінде балуандар жаттығу жасап жатыр екен. Кейбіреулері темір көтерсе, баз-біреулері күресіп жатыр. Ваня ағайдың екі көзі алдында келе жатқан Мұқанда. Ол өзін іздеп келген жігітке дән риза. Іштей қуанған кездегі әдетінше жирен мұртын бір ширатып қойды. Бөлмеге келген соң, Мұқанмен ұзақ сөйлесті де, қауырсынды қолына алып, шұқшиып қағаз бетіне бірдеңе түсірді.

– Ал, Мұқан, мына қағазды жатақханадағы әйелге апарып, орын ал. Ертең сағат бесте жаттығуға келесің, – деді. Мұқан Ваня ағай берген қағазды қолына алды. Осы кезде Абдолла:

– Ваня ағай, Мұқан екеумізге балуандардың жаттығуын көруге бола ма? – деді өтініп.

– Онда тіпті жақсы. Жаттығу аяқталған соң, Мұқанды балуандарға таныстырамын. Жатақханаға солармен бірге барасыздар.

Мұқан мен Абдолла Ваня ағайға ілесіп, жаттығу жасап жатқан бөлмеге келді. Жайғасып отырды да, балуандарға көз салды.

Ваня ағай әр балуанды жеке шақырып, әрқайсысына тапсырма беріп жүрді. Әлден соң ол кісі:

– Медведев, бері кел, – деді. Шомбал денелі, үсті-басын жүн басқан балуан Ваня ағайдың қасына келді. Бұдан соң Осипов деген балуанды шақырды. Бұл екі балуанға бірдей тапсырма берді білем, олар кір көтерумен шұғылдана бастады. Демалыстан кейін күрес әдісін үйренуге көшті. Кілем үстінде балуандардың бірі құдды қап секілді қимылсыз тұрды да, екіншісі әдіс-айла қолданып, оны оңға-солға лақтыра бастады. Осылай кезекпе-кезек ауысып, неше түрлі күрес әдістерін қолданумен болды.

Арада көп өтпей, Ваня ағай енді балуандарды жұп-жұбымен кілемге шақырды.

Енді бірде кілемге Осипов пен Медведев шықты. Олар бір-бірімен аңдысып бақты. Шомбал денелі Медведев небір қилы-

қилы әдісті қолданып, қарсыласын кілемге бірнеше рет лақтырды, бірақ, Осипов әр кез амалын асырып, жауырынын жерге тигізбей кетіп жүрді. Сол бір оңтайлы сәтті пайдаланған Осипов Медведевті іштен қапсыра құшақтап, жоғары тік көтеріп әкетті. Әп-сәтте оң жаққа бұра тартып, лақтырып жібергенде, Медведев жерге бір иығымен шаншыла түсті.

– Никола азамат, бірақ, Алексейдің жауырыны жер иіскеген жоқ, – деді Ваня ағай. Бар ынтасы күресте болып отырған Мұқан сол мезетте орнынан түрегеліп кетті.

– Ваня ағай, рұқсат етсеңіз мен де күресейін, – деді өтініп.

– Жоқ, әуре болма, саған күресуге әлі ерте, – деді Ваня ағай.

Мұқан бір орында тыпыршып отыра алмады. Кілемдегі палуандар айралы әдіс қолданғанда, ол дегбірсіздене берді. Жан-тәнімен күресті сүйетін жас жігіттің шыдамы таусылып отырғанын білген балуандар мұны күрестіріп қызыққа батқылары келді білем:

– Ваня ағай, мына жігітті күрестіріп көрелікші, – деп өтінді. Сұраушылар көбейіп бара жатқан соң, Ваня ағай:

– Мұқан шешіне ғой, – деп рұқсат берді.

Ол қобдишасын жалма-жан алып, ішінен шапанын алып киді де, кілемге шықты. Ваня ағай:

– Медведев, бері кел, – деді. Одан соң Медведевтің құлағына сыбырлап бір нәрсе айтты.

Мұқан мен Медведев ұстаса кетті. Ауыл арасында талай күрескен жігіт қарсыласынан жасқанған жоқ. Медведев болса оны менсінбей, кеудесін қайқаңдатып, аяғын беріп, еркін жүр. Мұқанға керегі де сол еді, бір оңтайлы сәті келгенде Медведевті іштен шалды. Ол екі рет аунап түсті. Мұны көріп тұрған балуандар қарқылдап күліп жіберді.

– Мұқан күрес үйренсе, әлі бәріңді жайратады, – деді Ваня күлкісін әзер тыйып. Жас жігіт қайта шабуылға шықпақ болып алға ұмтылғанда, Медведевтің тұзақ әдісіне түсіп қалды. Мына көріністі тамашалап тұрған балуандар күлкісін тыйып, жас жігіттің ерен күшіне риза болды. Жолдастарының мазағына

шыдай алмаған Медведев ашуға булықты, жауар бұлттай түнеріп, Мұқанды жамбасқа салды да, жерге алып ұрды. Қасқағым сәтте жауырынымен жерге гүрс еткен Мұқан орнынан ұшып тұрып, қарсыласына қайта жабысты.

– Жә, жетеді, Мұқан, бүгінгі күрес осымен аяқталды, – деді Ваня ағай. Мұқанның қимылына дән риза болған Абдолла оны құшақтап, бетінен шөпілдетіп сүйіп жатты. Ваня ағай балуандарды қаз-қатар тұрғызды да:

– Ал, мырзалар, жаңа ғана жас жігіттің күресін көрдіңдер. Сол жігітті қатарымызға қабылдаймыз ғой деймін? – деді.

– Қабылдаймыз! – десті балуандар бір ауыздан.

\* \* \*

Мұқан Петербургтағы мектепте оқып жүргенде «Фарс» бағында өткен халықаралық балуандар біріншілігін әлденеше рет барып көрді. Мұндай жарыстардың жас талапкерге берері мол еді. Ол осындағы атақты балуандардың әдіс-айласын көкейіне түйіп, жаттығу кезінде ерінбей-жалықпай қайталаушы еді.

Сөйтіп жүргенде, атақты француз жаттықтырушысы Эжен де Пари Петербургқа келді. Дүние жүзінің екі дүркін чемпионы Поль Понс пен Қара Ахметті даярлап шығарған Эжен де Паридың жұлдызы жанып тұрған кезі еді бұл.

Россияның баспасөзі «Эжен де Паридің «Санкт-Петербург» атлеттер қоғамындағы» французша күрес үйірмесіне жаттықтырушы болып келгенін жариялады да, артынша оның Франциядағы көп жылғы жемісті еңбегін бөстіре-бөстіре жазды.

Эжен де Пари басқаратын үйірмеге талапкерлер шамадан тыс көп жиналды. Әркім өз бағын сынамақ. Мұқан да үйірмеге жазылды. Бірде Эжен де Пари Мұқанға сұқтана қарап шықты да:

– Мырза, сіздің дене бітіміңіз Қара Ахметтен кем соқпайды екен, – деді. Сол мезетте бұлар отырған бөлмеге кірген граф Рибопьер қазақ балуанын көріп:

– Де Пари мырза, мына бұратанаңыз кім? – деп, жақтырмайтынын анық байқатты.

– Ә, мына мырзаны айтасыз ба, французша күрестің әдіс-айласын үйренуге құмар жан көрінеді.

– Не деген білместік! Россия өз халқының өкілдерімен-ақ дүниежүзілік аренада көріне алады. Ал, жапон мен негр орыстың намысын жыртпай-ақ қойсын!

Бұл сөзді естіген Мұқан:

– Мырза, сіз, қателесесіз, мен жапон емеспін, – деді.

– Жапон болмасаң қытай, моңғол шығарсың, әйтеуір, өз еліңіз бар емес пе?

– Мен Россия құзырындағы қазақ деген елдің өкілімін.

– Мейлі, мырза, қазақ тұрмақ, басқа болсаңыз да, сізге біздің ұйымға мүше болуға рұқсат жоқ. Сіз тек циркке ғана керексіз.

Рибопьер ашық айтпаса да, Мұқан оның ойын түсінді. Қара нәсілдің өкілін бұл қоғамның мүшелігіне алуға рұқсат жоқ екенін балуандардан бұрын естіген еді. Міне, сол естіген сөзі расқа айналып отыр.

Бұдан кейін әлгі ұйымның есігін қайта ашпады. Өкпелегенде не бітірмек. Мұқан күн-түн демей жаттығуын жасай берді. Даңқ ерінбей-жалықпай жасаған адамға ғана келетінін түсінді.

Алайда, сайын далада еркін жүріп қалған оған қала тұрмысына үйрену оңай болмады. Жаттығудан әбден шаршап, құр сүдлесі келеді. Шаһардың у-шу тіршілігі бұған жат. Көшеге шыға қалса, сендей соқтығысқан халықтан өзін еркін сезінбейді. Осындай кезде ауылын аңсайды. Ойы бұзылып, бәріне қолын бір сілтеп елге кеткісі де келеді, бірақ, тәк-тәкпен ғана шыдап жүр.

Жатақханада Мурзук деген балуанмен тұрады. Шомбал денелі, іске тыңғылықты, момын Мурзук Мұқанның айтқанынан

шықпайтын. Бұларға жеңілтек өмір мүлдем жат еді. Мурзук те Мұқан сияқты жоқшылықтың тақсыретін көп тартқан жігіт екен. Ол 1896 жылы Туниске барған орыс матростарына еріп, Россияға келеді. Сол кезде небәрі он үш жаста екен. Цирк делдалдары Краевскийдің мектебіне түсуіне көмектеседі. Балуандық өмірге жолдама алған соң, күн-түн демей жаттығуға беріле кіріседі. Бірақ, кәсіпқой балуандардың арасында көзге бірден түсе қоймайды. Қаншама қиындықты басынан кешірсе де, Мурзук алған бетінен қайтпады, жаттығуын жалғастыра берді.

Екі-үш жыл бойы төккен тер босқа кетпеді, арада көп өтпей, атақты балуандардың сапына қосылды.

Цирк делдалдары үшін ол табылмас олжа еді. «Африка құрлығының чемпионы» деп жарнамалап, көше-көшеге іліп қойған қағаздарды оқып, таңсық жұрт циркке ағылатын. Мурзук те қожайындарының сенімінен шығып, жақсы күресіп жүрді.

Мұқан да Петербургтағы «Фарс» бағындағы цирк аренасына шықты. Россияның белгілі кәсіпқой балуандары сапқа тұрды. Саптың алдындағы кеуделі, жауырынды, жирен мұртты кісі: «Парад алле» деп әмір берді. Тынбай ойнап тұрған оркестр жым болды. Балуандардың аты-жөндері бірінен соң бірі атала бастады. Әр балуанның аты аталған сайын салтанатты марш ойналды. Егер атақты балуан болса, оркестр марш әуенін асықпай ойнайды, қатардағы балуанға тары қуырғандай бытыр-бытыр еткізіп қоя салады. Бір кезде кезек Мұқанға да келді.

– Шығыс халықтарының жұлдызы, жауырыны жерге тимеген «Батрак Акмолинский», – деді Ваня ағай Мұқанды цирк тола жанкүйерлермен таныстырып жатып. Бұл ат Мұқанға былай қойылған еді. Жарыс басталардан бір күн бұрын кешкісін жаттығу жүріп жатқанда ентіге жүгіріп келген досы:

– Мұқан, сені Ваня ағай шақырып жатыр, – деді.

Жақсы хабар әкелгенін іштей сезіп, енді Ваня ағайдың бөлмесіне жеткенше асықты. Асығып-үсігіп жетіп барған одан Ваня ағай:

– Мұқан халің қалай, күресуге даярсыз ба? – деп сұрады.  
Қай балуан өзін даяр емеспін десін. Әсіресе, Мұқан сияқты жас балуандар мұндайда сасқалақтап қалатын.

– Сенім артсаңыз, күресуге даярмын, – деді ол.

– Онда даярлан, ертең басталатын халықаралық біріншілікке сен де қатысасың.

– Рақмет, Ваня ағай, сеніміңізді ақтармын.

– Ал, онда Мұқан саған айтар өтінішім бар.

– Айтыңыз, – деді Мұқан тағатсызданып. – Онда былай сен бізді дұрыс түсін. Сен қазақсың, бұған біз шек келтіріп тұрғанымыз жоқ. Бірақ «қазақ» деген халықты ешкім білмейді. Сені халыққа таныстырғанда «Шығыс халықтарының чемпионы» десек, елдің циркке көп жиналары хақ. Сондықтан да, сенің есіміңді өзгертуді жөн көріп отырмыз, – деді.

Мұқан Ваня ағайдан мұндай сөз естимін деп ойламаған еді. Ол сол мезетте «жоқ, өз атыммен күресемін» деп тайталаса кетуді жөн көрмеді.

– Жарайды, мен келістім, – деді біраз үнсіздіктен кейін.

– Ал, өзің қандай атты жөн көресің?

Ойланып қалған Мұқан:

– Білмеймін, – деді.

– Өзіңе-өзің ат қоя алмадың. «Батрак Акмолинский» деп қойсақ, қалай қарайсың?

Мұқан ләм-мим деп тіл қатпады, құр басын изеп, келіскендігін байқатты.

Соның алдында Петербургта өткен балуандар біріншілігінде атақты орыс балуаны Осиповтың бет-аузын қара бояумен бояп, «Құрып бітуге айналған үндістердің көсемі» деп жиналғандарға таныстырған-ды.

Табиғатынан артистік өнерге бейім Осипов ешкімге күдік туғызбады. Кілемге шығарда үндістердің соғысқа аттанардағы ұранын айтқан болып айқайлап, аузына түскен сөзін сөйлей берді. Циркте отырған жанкүйерлер оған қол соғып, күресте

табыс тіледі. Осипов қарсыласын таза ұтып, жеңіске жетті. Осы кезде оны көрмек болған жанкүйерлер аренаға лап қойды. Цирк қожалары күні бұрын балуандардан жасақшылар даярлап қойған еді. Олар аренаға тірі жан жібермеді. Бірақ, елдің у-шуы көпке шейін басылмады. Бұл кездесуден соң да циркке ағылған ел көп болды. Үндістердің көсемімен сөйлесіп, ғылыми жұмысқа пайдаланбақшы болған ғалымдар мен журналистер цирк қожаларын есінен тандырды.

Ақырында цирк қожалары:

– «Үндістердің көсемін» жерлестері еліне ертіп кетті, – деп есік алдына жарнама жазып, тірі жанды қабылдамай, әзер құтылды.

Мұқан осы Осиповпен күреске түсті. Алма-кезек шабуылмен өткен бұл кездесудің жиырмасыншы минөтінде Мұқан қарсыласын тізе бүктірді.

Мұқан французша күрестің әдіс-айласын әлі меңгере қойған жоқ еді. Өзінің табиғат берген қара күшіне сенетін. Сондықтан, ұзақ уақытқа күресуге шыдамай, тез болдырып қалатын. Оның осындай қателігін Иван Корень шебер пайдаланып кетті.

Ол шапшаң әрі алғыр балуан еді. Қарсыласын ұршықша үйіріп, тез шаршататын. Корень жас кезінде бес жыл бойы акробатикамен шұғылданған. Белдесу үстінде ылғи ауыр салмақты балуандардың желке тұсына лып етіп өтіп кеткенінде көз ілеспей қалатын.

Алғашқы кезде Мұқан басымдылық байқатты. Кореньді екі-үш рет лақтырып та жіберді. Бірақ, сілеусіндей сақ әрі шапшаң Корень алдыра қоймады. Қайта Мұқанның арт жағына өтіп кетіп, бір-екі рет партерге түсірді. Бұған қазақ балуаны бұлқан-талқан ашуланды. Осы кезде Мұқан аяғының сіңірі тартылып, бір-екі рет еріксіз отыра қалды. Мұндай оңтайлы сәтті шебер пайдаланған Корень Мұқанның жауырынын оп-оңай кілемге тигізді.